

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы  
Мәскеу қаласындағы Бүкіл ресейлік көрме орталығының аумағында Қазақстан  
Республикасының сауда-көрме орталығын құру туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 730 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған 2011 жылғы 10 наурызда Мәскеуде жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Мәскеу қаласындағы Бүкілресейлік көрме орталығының аумағында Қазақстан Республикасының сауда-көрме орталығын құру туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К Мәсімов

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының  
Үкіметі арасындағы Мәскеу қаласындағы Бүкілресейлік көрме  
орталығының аумағында Қазақстан Республикасының сауда-көрме  
орталығын құру туралы  
**КЕЛІСІМ**

(2011 жылғы 27 шілдеде құшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей  
Федерациясының Үкіметі,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы достық  
қатынастарды ескер етіп,

2002 жылғы 7 қазанды Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Мемлекет  
басшылары кеңесінің Бүкілресейлік көрме орталығының базасында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің тұрақты  
жұмыс істейтін көрмелерін құру туралы шешімін және осы мақсаттарда тиісті  
шарттық-құқықтық негіз құру қажеттілігін негізге ала отырып,

өзара тиімді экономикалық ынтымақтастықты тереңдету, мәдени, ғылыми, білім  
байланыстарын дамыту мүддесі үшін,  
төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Осы Келісімнің мақсаты Мәскеу қаласындағы Бұкілресейлік көрме орталығының аумағында Қазақстан Республикасының сауда-көрме орталығын құру болып табылады.

## **2-бап**

Осы Келісімнің 1-бабында көзделген мақсатқа сәйкес Тарапы жалпы ауданы 4833,1 ш.м. құрайтын, Мәскеу қаласы, Мир данғылы, 119-үй, 11 құрылышта орналасқан федералдық маңызы бар мәдени мұра объектісі - «Металлургия» павильонын (бұдан әрі - объект) жылына 1 ресей рублі мөлшеріндегі жалдау ақысымен және тікелей объекті алып жатқан және онымен тарихи және функционалдық байланысты жер участекін (бұдан әрі - жер участекі) жылына 1 ресей рублі мөлшеріндегі жалдау ақысымен Қазақстан Тарапына 50 жылға жалға береді.

Ресей Тарапы жер участекін Қазақстан Тарапына жер участекіне арнап жалдау шартын жасасу құқығы үшін ақы алмай береді.

## **3-бап**

Осы Келісімді іске асыру бойынша Тараптардың уәкілетті ұйымдары: Қазақстан Тарапынан - «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;

Ресей Тарапынан - Мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі федералдық агенттік б о л ы п т а б ы л а д ы .

Тараптардың әрқайсысы өзінің уәкілетті ұйымының өзгергені туралы басқа Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы хабарлайды.

## **4-бап**

Осы Келісім күшіне енген күннен бастап 3 ай ішінде Тараптардың уәкілетті ұйымдары Ресей Федерациясының заңнамасына сәйкес осы Келісімнің 2-бабында көзделген талаптарға орай объекті мен жер участекін жалдау шартын жасасатын б о л ы д ы .

Осы келісімнің 11-бабының ережелеріне сәйкес Келісімнің қолданылу мерзімі ұзартылған жағдайда, Тараптардың уәкілетті ұйымдары жаңа жалдау шарттарын осындай талаптармен кезекті 50 жылдық кезеңге жасасады.

## **5-бап**

Ресей Тарапы объекті мен жер участекінің оларды осы Келісімнің мақсаттарында пайдалануға кедергі келтіретіндегі қарыздардан, үшінші тұлғалардың құқығынан бос екендігіне, кепілдікке берілмегендігіне және қандай да бір түрдегі ауыртпалықтары жоқ екендігіне кепілдік береді.

## **6-бап**

Объекті мен жер участкесі сауда-көрме қызметін жүзеге асыру, мәдени іс-шараларды ұйымдастыру, ұлттық тағам мейрамханаларын (дәмханаларын) ашу жолымен осы Келісімнің 1-бабында көзделген мақсатқа сәйкес ғана пайдаланылады. Объектінің және ол алып жатқан жер участкесін өзге мақсаттарда пайдалануға жол берілмейді.

Жер пайдалану мен объектінің сақтау, пайдалану және мемлекеттік қорғау саласындағы қала құрылышына байланысты қатынастар Ресей Федерациясының жер заңнамасымен, Ресей Федерациясының қала құрылышы мен сәулет қызметі туралы заңнамасымен, Ресей Федерациясының қоршаған ортаны қорғау туралы заңнамасымен, сондай-ақ Ресей Федерациясының Ресей Федерациясы халықтарының мәдени мұра (тарих және мәдениет ескерткіштері) объектілерін сақтау, пайдалану және қорғау саласындағы заңнамасымен реттеледі.

## **8-бап**

Объекті мен жер участкесін күрделі жөндеуді, жөндеу-реставрациялық жұмыстарын, пайдалану және күтіп ұстауды, сондай-ақ пайдалану жауапкершілігі шекарасы шегінде жөндеудің барлық түрлері мен инженерлік коммуникацияларды ұстау Қазақстан Тарапының уәкілетті ұйымының есебінен жүзеге асырылады.

## **9-бап**

Осы Келісімді іске асыру кезінде Тараптар арасында туындайтын даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар өзара консультациялар және келіссөздер жүргізу жолымен шешеді.

## **10-бап**

Осы Келісімге Тараптардың келісуі бойынша осы Келісімнің 11-бабында көзделген тәртіппен күшіне енгізіліп, жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер және толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## **11-бап**

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекеттік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне е н е д і .

Осы Келісім 50 жыл мерзімге жасасылады және егер Тараптардың ешқайсысы басқа Тарапқа ағымдағы кезең аяқталғанға дейін кемінде бір жыл бұрын өзінің осы

Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша нысанда дипломатиялық арналар арқылы хабарламаса, келесі 50 жылдық кезеңге өздігінен ұзартылады.

2011 жылғы 10 наурызда Мәскеу қаласында қазақ және орыс тілдерінде екі дана етіп жасалды, екі мәтіннің де зандақ күші бірдей.

*Қазақстан Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының*

*Үкіметі үшін*

2011 жылғы 10 наурызда Мәскеу қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Мәскеу қаласындағы Бүкілресейлік көрме орталығының аумағында Қазақстан Республикасының сауда-көрме орталығын құру туралы келісімнің бұл көшірмесінің дәлдігін күәландырамын.

*Қазақстан*

*Сыртқы*

*Республикасының*

*істер*

*министрлігі*

*Халықаралық - құқық*

*департаментіндегі*

*Б. Пискорский*

*Басқарма бастығы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және

құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК